



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

5. Медведев Р. Евразийский проект Нурсултана Назарбаева.
6. Косов Ю.В., Торопыгин А.В. Содружество независимых государств: Интеграция, парламентская дипломатия и конфликты. М, 2012. - 296 с.
7. Таможенный Союз. Независимое обозрение. Бизнес в ЕврАзЭС в условиях Таможенного союза и Единого экономического пространства. [электр. ресурс]: <http://www.customsunion.ru/infoprint/4756>.

УДК 316.454.5:327.82.

ФРАНЦИЯНЫҢ МӘДЕНИ ДИПЛОМАТИЯСЫНЫҢ ГЕНЕЗИСІ ЖӘНЕ ЭВОЛЮЦИЯСЫ

Кулжанбекова Айзат Абдикалыковна

kulzhanbekova14@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Халықаралық қатынастар факультетінің Аймақтану
кафедрасының IVкурс студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Б.Қ.Қилыбаева

Шет елдегі Францияның мәдени саясаты әрдайым француздарды ғана емес, сондай-ақ шетелдік мемлекеттік қайраткерлерді, рухани көшбасшыларды және қарапайым адамдардың бірқатар ұрпағын шабыттандырған осы елдің даңқты өткеніне және философия, мәдениет пен ғылымның әртүрлі салаларындағы көрнекті жетістіктеріне негізделген. Мәдениет дәстүрлі түрде Францияның «жұмсақ қуат» деп аталатын француздық ықпал ету дипломатиясының тиімді құрамдас бөлігі болған және де қалады. Ертеден бері бұл саясаттың басты және дерлік монополиялық операторы Сыртқы істер министрлігі – Кэ д'Орсэ. 2010-2011 жылдары Ғаламтор мен цифрлық технологиялар дәуірінің мүмкіндіктеріне жақындату мақсатында Францияның мәдени дипломатиясы аппаратының кезекті реформасы жүзеге асырылды [2, pp. 14-15]. Осы күнге дейін бар әлемнің индустрияландырылған елдерінің ішінде Франция ерте уақыттан бері бұл саясаттың мақсатты бағдарланған және ұтымды ұйымдық құрылымға негізделген нақты құрастырылған бағдарламасы бар жалғыз ел болып табылады.

Мәдени саясаттың француздардың «өнертабысы» саналуы құқылы, оның ішкі және сыртқы параметрлері ажырамас болып табылады. Францияның Мәдениет және байланыс Министрлігі өзінің жылдық брошюрасында өз әкімшілік органиграммасы XVII ғасырдан – яғни, 1654 жылы корольдік жылжымайтын мүлікті басқару бойынша сырттай интенданттықты құруынан бастау алғандығын көрсетеді [4, p. 17]. Бұл акт француз мәдени саясатының бай тарихының бастапқы қадамы болып табылады. Архивтік құжаттар дәлелдегендей, Ұлы Карлдың өзі де, одан кейінгі VIII-XII ғасырлардағы француз ханзадаларының ұрпақтары да мектептерді ұстап-күтуге, манускриптарды қалпына келтіруге жәрдемдескен, өздерін ғалымдармен, суретшілермен және әртістермен қоршаған – бұл ғасырлар кейінірек «Каролинг дәуірінің қайта өрлеуі» деген атау алған. Егер 1257 жылы Людовик IX теолог Роберт Сорбонмен Парижде университеттің негізін қалауын қолдаған болса, ал 1298 жылы француз тіліне португалиялық Марко Полоның сапарлары жайлы әйгілі әңгімесі аударылса, патшалықтың мәдени дамуына деген монархтың ұмтылысы XIV ғасырдың ортасында данышпан Карл V тұсында күшейді.

Алайда, Франциядағы өнер мен әдебиетке деген қамқорлықтың нағыз негізін қалаушысы - 1515-1547 жылдары тақта болған Король Франсуа (Франциск) I. Латын тілінің үстемдігіне қарсы болған ол 1530 жылы Корольдік Дәріскерлер коллегиясын құрған. Кейінірек ол Коллеж де Франс деген атаумен француз мәдениетінің маңызды ошағына айналды. Коллегияда сол кездің басқа да атақты тұлғаларының арасында корольдің шақыруымен біраз уақыт Леонардо да Винчи де қызмет атқарған. 1538 жылы гуманист Робер Этьенн/Эстен (1503-1559) өзінің Латын-Галл сөздігін жарыққа шығарып, онда алғаш рет

«ақыл-ойды (сананы) дамыту» деген тіркесті қолданды, осыдан кейін «мәдениет» сөзі Франция мен Германияда кеңінен қолданыла бастады [3, с.230-235]. Француз тілінің жетілуімен, монархтар бастапқыда француз ұлтының қалыптасуы мен нығаюын байланыстырған болатын.

1539 жылы корольдік ордонанс Виллье-Коттрэ барлық ресми құжаттарда латын тілінің орнына француз тілін қолдану туралы қаулы қабылдап, оған біржола мемлекеттік тіл статусы берілді. Сол ерте кездерде патша сарайы мәдениеттің алғаш қоймасы және таратушысы болған.

Өнер және шығармашылық саласындағы көпшілік билігінің саяси жауапкершілігі идеясы XVII ғасырда анығырақ қалыптасты және оның алғашқы нақты институционалдық көрінісі 1635 жылы кардинал Ришельенің Француз академиясын (Académie française) құруы болды. Академияның негізгі күш-жігері елдің мемлекеттік және қоғамдық өмірінде француз әдеби тілін ресми түрде бекітуге бағытталған. Академияны құру мемлекет пен қоғамның интеллектуалды-көркем элитасының арасындағы байланыстарды нығайтуға, сондай-ақ мемлекеттің әдеби француз тілін дамытуды күшті қолдауына әсер еткен маңызды өзгеріс болды. Екі жылдан кейін, яғни 1637 жылы, академия мүшесі Ренэ Декарт (1596-1660) француз тілін философия тіліне айналдырған «Әдістер туралы пікір» шығармасын жариялады. Осылайша, Людовик XIII (1610-1643) және әсіресе «Күн король» атанған Людовик XIV (1643-1715) бастап, француз сарайы ұлттың рухани өмірінің негізгі ресми орнына және ғалымдар, жазушылар, әртістер, суретшілер мен музыканттар өзін емін-еркін сезінген орынға айналды.

Францияның мәдениеті мен дипломатиясы әрқашан да тығыз байланыста болған [5, р.11]. Францияның «мәдени дипломатиясының» алғашқы шынайы көрінісі деп 1535 жылы король Франсуа (Франциск) I мен Ұлы Сұлтан Сулейман арасында жасалған шартты санайды. Шартқа сәйкес, сұлтан христиандарды қорғауға міндеттенді, ол өз кезегінде француз тілі мен мәдениетінің Таяу Шығысқа енуіне жол ашты. Людовик XIII тұсында кардинал Ришелье мен оның серіктестері корольдік «мәдени іс-әрекет» дәстүрін қолдап, оны нығайтты. Кардиналдың талабымен Франция 1625 жылы Римдік куриядан француз католик миссияларына басшылық ету құқығын мойындауына қол жеткізді. Бұл Испания және Португалия секілді шет елдердегі католик дінін таратушылармен бір қатарға тұруға мүмкіндік берді. Сол кездері Таяу Шығыстағы франкофония мен франкофилия орталығы Ливан болатын. Сонымен қатар сол кезде, яғни 1615 жылы француз Жак Картье ашқан Канаданы белсенді игеру басталды. Біртіндеп француз миссионерлері мен діни конгрегациялар өздерінің идеяларын тек Таяу Шығыста ғана емес, сонымен қатар Африка, Солтүстік және Латын Америкасында таратуды бастады. Еске сала кетсек, 1701 жылдың өзінде француз Антуан де Ламот-Кадийак (ағылшынша - Кадиллак) Мичиган штаты Детройт қаласында американдық автомобиль өнеркәсібінің болашақ орталығының негізін құрды.

«Күн король» Людовик XIV басқарған жылдар әдебиет пен театрдың гүлденуі себеп болған Францияның қоршаған әлеммен алғаш мәдени алмасуларының өркендеуімен сипатталды. Француз тілінде шыққан шығармалармен қатар, сол кездегі жазушылар, драматургтар мен әдебиетшілер патша сарайының қолдауымен көптеген журналдарда, үйірмелер мен мектептерде, соның ішінде шетелдер де жарыса бастады. Ең танымалдары Голландиядағы француз мектептері мен 1689 жылы ашылған Берглиндегі Коллеж де Франс бөлімшесі болды.

Ришельеден кейін кардинал Мазарини француз мәдени құндылықтарын насихаттау мақсатында шешендігін, интеллектуалды әңгіме жүргізе білу қабілеттерін пайдалануы арқылы жергілікті мәдени элитамен өте тығыз байланыс орнату талабымен көрнекті гуманисттер мен әдебиетшілерді елші тағайындады. Француз тілі біржолата барлық еуропалық патшалықтарда ресми байланыс тілі ретінде нығайды, ал Франция куртуазды дипломатиялық ережелер мен дәстүрлерді шығарушы ретінде танылды. Франциямен сол кездің өзінде-ақ, лауазым, ой тереңдігі мен талғам нәзіктігі ұғымдары байланысты болды.

Білім беруді демократияландыру және көпшіліктің мәдени деңгейін көтеру,

гуманитарлық ғылымдардың қарқынды дамуы, сонау орта ғасырларда басталған еуропалық халықтардың мәдени ерекшеліктерін нығайту француз мәдениеті мен басқа елдермен мәдени алмасулардың таралуына қолайлы жағдай туғызды. Егер алдымен олардың тек діни және коммерциялық мүдделері ғана болса, кейін кірескерлер мен саудагерлердің соңынан бүкіл әлем бойынша француз теологтары, схоласттары, ғалымдары мен мұғалімдері таралды. Олар Францияның дербес сыртқы мәдени саясатының одан әрі дамуының негізін қалады. Осылайша, Римде, «Плеяда» әдеби тобының тамаша өкілі, француз тілінің реформаторы, ортағасырлық тағы бір ұлы ақын Пьер де Ронсардың замандасы, ақын Жоакен (Иоаким) дю Беллэ (1522-1560) жастық шағында дипломатиялық миссияларда күн көріске қаражат тапқан. 1549 жылы өзінің «Défense et illustration de la langue française» атты трактатында ол «мәдениет» ұғымына «тиісті әрекеттер көмегімен интеллектуалды қабілеттерді дамытуға ұмтылу» деген моральдық мағына берді [6, p.11]. Ал жүз жыл өткеннен кейін, 29 жасында академик болып сайланып, 1751 жылы Венецияға алғаш рет елші болып тағайындалған, кейін Римде 25 жылға жуық уақыт қызмет еткен кардинал де Бернис өз уақытының назар аударарлық тұлғасына айналды.

Шетелде француз мәдениетін сол дәуірдің көрнекті қайраткерлері – 1743 жылы Венециядағы Франция елшісінің хатшысы болған Жан-Жак Руссо, Пруссияда Фридрих II-нің тұсында Вольтер, ал 1773-1775 жылдары Ресейде Екатерина II-нің билігі кезінде Дидро секілді тұлғалар орнатты. 1789 жылы Ұлы Француз революциясынан үш жыл бұрын басталған Пруссиядағы жасырын миссияны Екатерина II-нің шабыттандырушыларының бірі граф Мирабо атқарған. 1803 жылы келешек танымал жазушы Франсуа-Рене де Шатобриан Наполеонның шақыруымен Берлинде, Лондонда және Римде елші болып жұмыс істеді, ал 1823-1824 жылдары тіпті Францияның Сыртқы істер министрі болған. Өз өмірінің бір бөлігін дипломатия саласында жазушылар Стендаль мен Ламартин де өткізді. Яғни, Францияда дипломатия мен мәдениет арасындағы тығыз байланыс бұрыннан қалыптасып, үнемі нығайтылып келді. Француз тілінің сол кездің өзінде Еуропадағы сарай маңы және дипломатиялық тілге айналып, француз мәдениетінің табиғи векторы болуы кездейсоқ емес.

Сол аралықта «идеяларды тарату» Францияның сыртқы саясатының константасына айналды. Сонда-ақ, әсіресе, 1789 жылы Адам және азамат құқықтарының Декларациясы жариялағаннан кейін оның әмбебаптық амбициялары да анықталып, үш түсті байрағы (триколор) мен «Марсельеза» Еуропадағы, содан кейін бүкіл әлемдегі алдыңғы қатарлы, прогресшіл адамдардың сана-сезімінде бостандық сүю мен теңдік символы ретінде нығайды.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Djian J.-M. Politique culturelle: la fin d'un mythe [Cultural policy: The end of a myth]. Paris, Editions Gallimard, 2005. 196 p.
2. Lane Ph. Présence française dans le monde. L'action culturelle et scientifique [French presence in the world. Cultural and scientific activities]. Paris, La Documentation française, 2011. 128 p.
3. Martin H.-J. Histoire de l'édition française [History of French publishing]. Paris, Promodis, 1982, vol. 1. 631 p.
4. Poirrier Ph. L'Etat et la Culture en France au XXe siècle [The state and culture in France in the twentieth century]. Paris, Editions Le Livre de Poche, 2009. 250 p.
5. Roche F., Pigniau B. Histoires de diplomatie culturelle des origines à 1995 [Stories of cultural diplomacy origins up to 1995]. Paris, La Documentation française, 1995. 295 p.
6. Roger-Vasselien B. Du Bellay, une révolution poétique? [Du Bellay, a poetic revolution]. Paris, Editions Le Livre de Poche, 2009. 250 p.

revolution?]. Paris, PUF Publ., 2007. 95 p.

8. Raymond J.-F. L'action culturelles extérieures de la France [The external cultural action of France]. Paris, Documentation française, 2000. 136 p.

9. Salon A. L'action culturelle de la France dans le monde [Cultural activities of France in the world]. Paris, Editions Fernand Nathan, 1983. 160 p.

УДК 327

ТРАНСНАЦИОНАЛЬНЫЕ СЕТИ: РЕГИОНАЛЬНАЯ БЕЗОПАСНОСТЬ, ПРОБЛЕМЫ ТЕРРОРИЗМА И НАРКОТРАФИКА

Кушалиев Ернар Талгатович

k.e.toten@mail.ru

Магистрант кафедры регионоведения

факультет международных отношений ЕНУ им. Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан

Научный руководитель – Р.М. Таштемханова

Злоупотребление наркотиками является глобальной проблемой, поэтому для противодействия наркотикам и спроса на них требуется всестороннее международное сотрудничество. По оценкам всемирного доклада о наркотиках в 2014 году почти 250 миллионов человек употребили хоть какой-нибудь наркотик в возрасте от 15 до 64 лет. Употребление наркотиков оказывает негативные воздействие на здоровье человека, в 2014 году от наркотиков погибло 207 тыс. человек, более 29 миллионов человек страдали расстройствами на почве потребления наркотиков, из этого 12 миллионов человек употребляют наркотики путем инъекций, 14 % из которых заражены ВИЧ [1]. Для противодействию наркотиков, нужно для начала определить характерные злоупотребления наркотиков в регионе, в нашем случае это регион Центральная Азия. Для Казахстана представляет интерес распространение опиатов, из-за непосредственной близости к Афганистану, где это страна занимает ведущее место в производстве героина. На долю Афганистана (328 000 га) приходится практически 90% общемировой площади незаконного культивирования опиоидного мака [5].

Потребление опиатов и рецептурных опиоидов, которые, по оценкам, принимали 33 млн. человек, находится на третьем месте по распространенности наркотиков, однако опиоиды остаются главными наркотиками, причиняющими вред и подрывающими здоровье [1]. Самым главным каналом для незаконной перевозки афганских опиатов является «балканский маршрут», маршрут пролегает через Иран, Турцию, Балканские страны и поставляются в Западную и Центральную Европу. При этом после периода сокращения поставок в 2008–2012 гг. происходит активизация незаконного оборота опиатов по т.н. "северному маршруту" из Афганистана в государства Центральной Азии, Российскую Федерацию и другие страны Содружества Независимых Государств. Но в отличие от «балканского маршрута», большая часть перевозимых опиатов из «северного маршрута» потребляется самой Российской Федерацией, где Россия потребляет 21% героина производимого в Афганистане, также в стране умирает 30 тыс. человек ежегодно [3]. Ключевую роль в наращивании объема производства героина в Афганистане в XX-XXI вв. сыграл вооруженный конфликт и связанные с ним последствия. Традиционно Афганистан не был опиумным производителем, темпы роста производства опиума росло медленно, но за последние 30 лет уровень производства опиума катастрофически вырос. Помимо вооруженного конфликта, предпосылкой к росту наркопроизводства в Афганистане, стало ограничение и противодействие производству опиатов двумя крупнейшими среди стран производителей героина Турцией и Ирана, и при сохранении темпов роста мирового спроса на опиаты Афганистан вырвался в лидеры по производству опиатов. В начале 1990х гг.